

## **Қазақстан Республикасында заңсыз жүрген шетел азаматтарын елден кетіру жөнінде шұғыл шаралар қабылдау туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 17 сәуір N 105-ө

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (Қ.Ш.Сүлейменов) Қазақстан Республикасында заңсыз жүрген шетел азаматтарын елден кетіру жөнінде шұғыл шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі (Ю.И.Лавриненко) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өтінімі бойынша республика аумағынан келтірілетін адамдарды темір жол немесе автомобиль көліктерімен тасымалдауға қажетті орын санын бөлсін.

3. Облыс пен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасында заңсыз жүрген шетел азаматтарын кетіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға байланысты шараларды қаржыландыруды "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 наурыздағы N 186 P930186\_ қаулысымен бекітілген, шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болу тәртібінің 49-тармағына сәйкес жүзеге асырсын.

Премьер-Министр